

"ИНАБАТ"

Қыздар ұйымы

2022-2023 оқу жылы

Бекітемін:
Мектеп директоры: Адилов Ш.Б.



**«Инабат» қыздар ұйымының 2022-2023 оқу жылындағы
жылдық жоспары**

№	Атқарылатын жұмыс	Мерзімі	Жауапты адам
1	«Инабат» қыздар ұйымының 2022-2023 оқу жылындағы жұмыс жоспарымен таныстыру, бекіту, мектеп бойынша қыздар тізімін алу	Қыркүйек	Тәлімгер
2	«Қыз өссе – елдің көркі» тәрбие сағаты Қыз балаларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу	Қыркүйек	Психолог, тәлімгер
3	Гигиена және жеке тазалық туралы семинар Жеке бас гигиенасын сақтау маңыздылығын түсіндіру	Қазан	Медбике, тәлімгер
4	«Әдепті қыз – арым, ибалы қыз – бағын» ашық тәрбие сағаты. Қыздарға әдептілік, инабаттылық құндылықтарын насихаттау	Қазан	Тәлімгер
5	«Ана мен қыз» кеші. Отбасы құндылықтарын дәріптеу, ана мен қыз арасындағы байланысты нығайту	Қараша	Медбике, тәлімгер
6	«Қыздар клубы» пікірталас отырысы. Қыздарды ашық ой айтуға, өз ойын еркін жеткізуге үйрету	Желтоқсан	Тәлімгер
7	«Қауіпсіз интернет және әлеуметтік желі мәдениеті». Интернет қауіпсіздігі мен өзіндік сана қалыптастыру	Қаңтар	Тәлімгер
8	«Мен болашақ анамын» тренинг. Қыз баланың болашақтағы рөлі туралы түсінік беру	Ақпан	Тәлімгер
9	Сән мен сымбат апталығы. Киім кию әдебі, сырт келбетке мән беру, мәдениеттілікке баулу	Наурыз	Тәлімгер
10	Тазалық тексеру	Сәуір	Тәлімгер Медбике
11	Қорытынды отырыс және марапаттау	Мамыр	Тәлімгер

«Инабат» қыздар ұйымының жетекшісі: Турешова Ж.А.

Шеңгелши негізгі орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының

«Инабат» қыздар ұйымының жылдық

ЕСЕБІ

Мектебімізде қыз балалардың тәрбиесіне ерекше мән беріліп, «Қыздар ұйымы» жыл бойы жоспарға сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізді. Ұйым жұмысының басты мақсаты – қыз баланың бойындағы инабаттылық, мәдениеттілік, ұлттық құндылықтарға деген құрмет пен жауапкершілікті қалыптастыру болды.

Жыл бойы өткізілген іс-шаралар:

«Қыз өссе – елдің көркі» тәрбие сағаты (қыркүйек)

Мақсаты: Қыз балаларды ұлттық тұрғыда халқымыздың салт - дәстүрін қадірлеу, әдет - ғұрпын, ұлтжанды, отансүйгіштік сезімдерге баулу, тәрбиелеу.

Тәрбие сағатында қыздарға арналған алғашқы іс-шарада олардың қоғамдағы рөлі, ұлттық дәстүрдегі орны туралы ой қозғалды. Сынып жетекшілер белсене қатысып, оқушылар пікірлерімен бөлісті. Түрлі сұрақтар мен жағдаяттар берілді. Қыз балалар өз ойларын еркін жеткізіп, белсенділік танытты.

«Гигиена және жеке тазалық» туралы семинар (қазан)

Мектеп медбикесінің ұйымдастыруымен өткізілген бұл семинар қыздардың жеке бас тазалығына мән беруіне ықпал етті. Көптеген сұрақтарға нақты жауаптар беріліп, кеңестер ұсынылды. Тазалық сақтау басты міндеттердің бірі екені айтылды. Тазалық – басты назарда!

«Әдепті қыз – арым, ибалы қыз – бағың» тәрбие сағаты (қараша)

Тәрбие сағаты барысында қыздардың әдептілік, сыпайылық, инабаттылық сияқты қасиеттерді түсінуіне әсер етті. Іс-шара сахналық қойылымдармен және қыздар пікірталасымен жалғасты. Қызықты түрлі ойындар мен тренингтер өткізілді. Қыздар арасындағы қарым-қатынас нығая түсті. Әр қыз баласының өзіне тән ерекше қасиеттерімен бөлісті.

«Ана мен қыз» кеші (желтоқсан)

Аналар мен қыздар арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында ұйымдастырылған кеш өте әсерлі өтті. Қатысушылар түрлі сайыстарға қатысып, жылы лебіздер алмасты. Кеш бірнеше кезеңдерге бөлінді. Әр кезеңде өз идеяларын ортаға салып, өнерлерін паш еткен қызы мен анасы қошеметке бөленді. Кештің басты мақсаты орындалды. Қызы мен анасының арасындағы махаббат көз

алдымыза орын алды. Бұндай тамаша көріністі көру бір ғанибет болды. Осындай кештер жиі өткізілсе деген ұсыныстар айтылды.

«Қыздар клубы» пікірталас отырысы (қаңтар)

Қыздардың өз ойын ашық айтуы, көзқарасын білдіруі – басты мақсат болды. Қатысушылар өзекті тақырыптар төңірегінде ой бөлісіп, бір-біріне қолдау көрсетті. Әрбір қыз бала өз ойларын ортаға сала отырып, басқа қыздың ойында құрметтеуге дағдалынды. Қалай дұрыс пікірталас орната білу керек екенін де түсінгендей болды.

«Қауіпсіз интернет және әлеуметтік желі мәдениеті» (ақпан)

Информатика пәні мұғалімі қыздарға интернеттегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, өздерін онлайн ортада дұрыс ұстау туралы кеңестер берді. Кез-келген дүниенің жақсы және жаман әсері болатыны айтылды. Дәл сол секілді интернеттің де екі жағы болатыны, оның тек жақсы жағын алуға ұмтылуға, дұрыс қолдана білуге дәріптеу. Интернеттің адам баласына қаншама пайдасы болғанымен, зиянды жақтары да өте көп. Сондықтан тек жақсы жағына қолдана білу керек екені айтылды. Интернет желісінде болып жатқан көзбояушылық дүниелерге мән бермеуге, кез-келген нәрсеге сене беруге болмайтыны ескертілді.

«Мен болашақ анамын» тренингі (наурыз)

Психолог өткізген тренингте қыздар болашақтағы жауапкершілік, отбасы рөлі жайлы ой қозғап, өзін-өзі дамыту жайлы пікір алмасты. Қыз баласы болашақ ана екені ацқын, сондықтан әрдайым өзіне деген құрметі, ұстамдылығы мықты болу жайлы айтылып өтілді.

«Сән мен сымбат» апталығы (сәуір)

Көркем еңбек пәні мұғалімдерінің жетекшілігімен қыздар киім кию мәдениеті, бет күтімі, өзін-өзі ұстау әдебі туралы білім алды. Шағын сән көрсетілімі ұйымдастырылды. Бұл апталықта сәнді киюгуге ынталандыру, өзіне деген құрметті сезіндіру. Сәнді киіну де өнер. Қыз балалар арасында болашақта дизайнер боламын қыз балалары да табылды. Онымен қазірден бастап жұмыс жасайтын болса, расымен де танымал дизайнер болы әбден мүмкін. Сән мен сымбат егіз ұғым, тек оны үйлестіре білу керек.

Тазалық тексеру

Қыз балаларға тазалықты әрдайым ұстануға, әсіресе гигиеналық тазалыққа аса қатты мән беру керек екені айтылды. Тазалықты сақтау қыз балалардың ең басты міндеттерінің бірі екенін естен шығармау керек.

Қорытынды отырыс және марапаттау (мамыр)

Жыл бойғы жұмыстар қорытындыланып, белсенді қатысқан қыздар алғыс хаттармен және сыйлықтармен марапатталды.

Қорытынды:

Жыл бойы өткізілген іс-шаралар қыздардың тұлғалық дамуына оң әсер етті. Қыздар ұйымы мектептегі тәрбие жұмыстарының маңызды бір бөлігіне айналып, қыз баланың рухани, мәдени дамуына ықпал етті. Ұйым жұмысына мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері қолдау білдіріп, жақсы нәтижелерге қол жеткізілді.

Мектеп директоры:  Ш.Б.Адилов

Қыздар ұйымының жетекшісі:  Н.Р.Кушимбетова

